



ХҒТАР 16.21.51
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-206-217>

Очерктің прозалық жанр ретіндегі ерекшеліктері

Қ.Ө. Есенова¹, Ә.Қ. Кесикбаева^{2*}

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: hazretosman@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада очерктің прозалық жанр ретіндегі ерекшеліктері қарастырылады. Очерк – өмір шындығын көркемдік және деректілік тұрғысынан бейнелейтін әдеби жанрлардың бірі ретінде проза саласына жатады. Құрылымы прозалық шығармаларға тән баяндау, сипаттау, диалог т.б. тұрады. Оның басты сипаты – өмір шындығын нақты деректерге сүйене отырып, көркем тілмен бейнелеу. Очеркте нақты адамдар мен оқиғалар негізге алына отырып, автордың көзқарасы, публицистикалық толғам, көркемдік жинақтау әдістері қолданылады. Бұл жанрда кейіпкердің бейнесі мен оның қоғамдық ортадағы іс-әрекеті маңызды орын алады. Очерк прозаның әңгіме, новелла, эссе сияқты басқа да жанрлық түрлерімен ұқсас, алайда ол деректілікке құрылғандығымен ерекшеленеді. Мақалада очерктің баяндау стилі, композициялық құрылымы мен тақырыбының кеңдігі жанр табиғаты аясында сараланады. Ал очерктегі публицистикалық стиль мен көркем стильдің тоғысуы нәтижесіндегі сипаттарды, ондағы тіл құралдары мен стилистикалық тәсілдер жүйесін тіл білімі тұрғысынан саралау алдағы зерттеулерде қамтылады. Бұл зерттеу нәтижесінде очерктің проза жанрындағы орны, өзіндік белгілері мен әдеби, көркемдік ерекшеліктері айқындалып, оның көркем әдебиеттегі рөлі мен маңызы ғылыми тұрғыда негізделеді.

Түйін сөздер: очерк, көркем очерк, прозалық жанр, әдебиет, әдеби цикл.

Түсті: 05.02.2025; Жөнделді: 09.03.2025; Мақұлданды: 05.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

Кіріспе

Көркем әдебиетте жанрлық әртүрлілік – жазушының өмір шындығын әр қырынан бейнелеуге мүмкіндік беретін басты ерекшеліктердің бірі. Солардың ішінде очерк публицистикаға да, көркем әдебиетке де тән сипаттарға ие. Очеркте деректілік пен суреткерлік қатар жүреді, өмір шындығы нақты деректер негізінде бейнеленеді. Очеркте әдебиеттің көркемдеу құралдары мен публицистикалық элементтердің қатар өріліп, араласып жатқанын байқаймыз.

Проза жанрының бір бөлігі ретінде қарастырылатын очерк – шынайы оқиғаны қысқаша суреттейтін, көлемі шағын, әдеби көркем шығарма. Очерк – эпикалық, суреттеушілік әдебиеттің бір түрі, ол роман, повесть, әңгіме сияқты басқа түрлерден айқын мағлұматтармен ерекшеленеді, яғни очеркте нақты өмірде болған оқиғалар белгілі дәрежеде дәлірек бейнеленеді, оған қатысушылар өмірде болған адамдар. Қысқаша әдеби энциклопедияда очеркке мынадай анықтама берілген: – «эпикалық, басым бөлігі прозалық жанр, онда суреттеу-баяндау бейнесі негізінен «әңгімелеушінің» бақылауымен құралған» [1].

Очерктегі сюжетте драмалық көрініс жоқ деуге болады, өмірден алынған көріністер оқиғалар тізбегімен жалғасып, айтушы – автордың бақылау нәтижесінен туындайды. Ұзақтығы қысқа әңгімеге ұқсас, кейде тіпті әдеттегіден де сәл қысқарырақ болады және оқиға болған жерді, адамды, жағдайды сипаттайды. Ғалым Т.Нұртазиннің де пікірі осы арнадан табылады: «Очерк – көркем әдебиеттің бір саласы. Онда шығарма негізі – күнделікті деректі материал, нақты адамдардың «рекеті» [2, 368].

Очеркте автордың жеке тәжірибесі мен «таңдау нысанына» өз пікірі қосып жазылады, ол көбіне репортажға ұқсайды және қарапайым формаға ие деп айтуға болады. Очерк тақырыптары әртүрлі болады, өмірбаяндық, әлеуметтік немесе жол сапар тақырыбында болуы мүмкін.

Жалпы очеркті қысқаша (шағын) эпикалық шығармалар түрі – повесть сияқты, басқа формаларға қарағанда біртұтас, қарқынды дамып келе жатқан шиеленіскен оқиғаның болмауымен және суреттеу формаларының жоқтығымен ерекшеленетін әңгіме түріне жатқызуға болады. Очерк – әңгімедегідей белгілі бір әлеуметтік ортадағы конфликттік жағдайларда тұлғаның мінез-құлқын қалыптастыруға емес, нақты әлеуметтік ортаның азаматтық және моральдық жағдайының мәселелеріне назар аударады. Әдеби очерк әдетте әдебиет пен публицистиканың ерекшеліктерін біріктіреді. Очерк көркем және деректі жанрдың синтезі болып табылады, ол нақты оқиғалар мен нақты адамдарды талқылайды. Академик З.Қабдолов: «Шағын эпостың шағын әңгімеге жақын тұрған бір түрі – очерк. Бұл да қысқа көлемді шығарма. Мұнда да үлкен шындықтың кішкене бір бөлегі, адам өмірінің аздаған эпизоды нәрлі тілмен, әртүрлі суреттер арқылы шебер, тартымды бейнеленуге тиіс» [3, 132], - дейді.

Очерктің композициясы әртүрлі болуы мүмкін: ол кездесулерді, әңгімелерді, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастарды тіркейтін эпизодтардан тұруы мүмкін, қоғамдағы және табиғаттағы жағдайларды ойлай отырып сипаттайды.

Түрлі құрамдас бөліктердің бірлігіне қол жеткізу үшін автордың ой-пікірлері, экспрессиясы және оның мәнерлілігінің күші маңызды рөл атқарады. Айтушының таныстыруы, алған әсері, бас кейіпкерлермен кездесулер мен сұхбаттардағы пікірлері үлкен рөл атқара алады. Публицистикалық немесе деректі очерк әлеуметтік өмірдің

нақты фактілері мен құбылыстарын ұсынады және талдайды, көбінесе статистикалық деректермен және басқа құжаттық көздермен толықтырылады және әдетте автордың тікелей бағыттауы мен интерпретациясымен сүйемелденеді.

Очеркте көркем шығармалар басқа әдеби жанрларға қарағанда әлдеқайда аз рөл атқарады. Очерктің сипаттамалық мінездемесі көбінесе оның құрамын анықтайды. Кей жағдайларда очерк тіпті негізгі сюжетін жоғалтып алуы немесе әлсіз деңгейде берілуі мүмкін. Очерк авторы айтылған бір құбылыстан екінші құбылысқа ауысып отыра алады немесе олардың арасындағы байланыстарды нақтылап көрсете алады. Басқа жанрлардың авторларымен салыстарғанда ол оқиға барысына бірінші тұлға ретінде жиі қатысып отырады. Бұл оған бейнеленген құбылыстарды қайта-қайта салыстыруға және талдауға мүмкіндік береді. Очерк авторға журналисттік аргументтермен, ғылыми дәлелдермен, кейде тіпті статистикалық материалдармен жұмыс істеуге әлдеқайда үлкен мүмкіндік береді. Очерктің жанр ретіндегі қызметі тұрақты болып қалмайды.

Материалдар мен әдістер

Мақалада біз очерк анықтамасының екіұштылығына және оның көркемдік жанрларға жақындығына назар аударғымыз келеді. Әдебиеттанушы ғалымдар очеркті новеллаға жақын, эпикалық форма деп есептейді.

Г.Н. Пospelов бұл жанрдың ерекшелігі тез шешілетін (конфликт) қақтығыстың жоқтығы деп санайды. Әңгіме мен романға қарағанда очеркте неғұрлым егжей-тегжейлі сипаттамалық образдар жетіспейді, оның тақырыбы сыртқы ортамен қайшылыққа түскен тұлғаны қалыптастыру емес, оның азаматтық-адамгершілік өмірін суреттеу, талдау; «Оның жалпылама ойларының белсенділігі, сөйлеуінің мәнерлілігі мен құнарлылығы» бұл очерк авторы үшін маңызды рөлді білдіреді. [4, 125 б.].

Г.Н.Пospelов очерктің жанрлық, мазмұндық, композициялық әртүрлілігіне назар аударады және очерктерді *көркем, публицистикалық және деректі* деп бөледі. *Публицистикалық және деректі очерктерде*, оның ойынша басты орында авторлық пайымдау болуы тиіс, сол кезде ондағы аналитикалық принцип айқын көрінеді. Сондай-ақ, көркем очерктер қатарына М.Е.Салтыков-Щедриннің, И.С.Тургеневтің, К.Г.Паустовскийдің т.б. очерктерін жатқызады және олардағы өмірлік фактілер мен құбылыстарды шығармашылықпен типтелген, жалпыланған, эмоционалды түрге бағытталған деп көрсетеді. Әдебиеттанушы очерк жанр ретінде қоғамға әлеуметтік қатынастардың дағдарысты кезеңінде қажет екенін айтады. Жаңа тәртіп пайда болған сайын халықтың «моральдық мүдделері» өседі – дейді. [5, 47-48].

Сондай-ақ, очерктердің барлық жанрлық және тақырыптық түрлеріне Н.И.Глушковта жан-жақты талдаулар жасайды. Н.И Глушков Г.Н.Пospelов сияқты көркем очеркті эпикалық әдебиеттің бір түрі деп есептейді. Әдебиеттанушы очерктегі баяндау мен көркем сөздің айырмашылығын негізінен композиция еркіндігінде, очерктің аналитикалық бастауында, логикалық тұрғыдан нақтырақ қарастыра отырып, құбылыстар мен заттарды кішігірім бөліктерге бөледі және олардың себептері мен салдарын іздейді. Әңгіменің немесе романның баяндалуына логиканың енуі жанрды өзгертіп, очеркпен ұқсастықтарды іздеуге мәжбүр етеді. Керісінше, көркем прозаның очерктегі аналитикалық ерекшеліктеріне деген айқын қызығушылығы оны әңгіме мен романға жақындатады [5].

Н.И.Глушковтың ғылыми еңбектерінде очерк жанрлық сипаттамалары қиын, эпикалық және лирикалық, публицистикалық және сипаттамалық кейіпкерді әрқашан нақты ажырата алмайтын форма ретінде түсіндіріледі [6, 4.]. Осы көзқарасқа сәйкес Глушков тақырыптық-баяндау және лиро-эпикалық ерекшеліктерді жоққа шығарады; очерктер - мінездеме, әңгіме-мақала, циклдік, сурет, репортаж; ең соңында портрет, саяхат және әдеби сынды эсселер.

Осы мақалаға ізденіс барысында бізді Е.Н.Быконя ұсынған көркем очеркті жанр ретінде жіктеу тәсілі назар аудартты. Бұл классификацияда очерктің жанр ретінде эпикалық әдебиеттің көркемдік жанрларына жақын екендігі негізделеді. Е.Н.Быконяның классификациясында очерктің мазмұны мен композициялық ерекшеліктері, очерктің эпикалық көркем жанрлармен байланысы көрсетілген.

Аталған классификация екі үлкен топқа бөлінеді:

а) нақты очерктің формалары

б) «күрделі жанрлық формациялар» [7].

Бірінші топқа физиологиялық очерктер, очерктер, этнографиялық, тұрмыстық сипаттамалар, сонымен қатар «динамикалық баяндау формалары»: публицистикалық және философиялық-лирикалық очерктер және олардың нұсқалары жатады. Күрделі жанрлық формацияларды қамтитын екінші топқа түрлер мен формалардың үйлесуі нәтижесінде жасалған очерктер жатады.

Очерк және роман жанрлары: саяхат очерк, журналисттік очерк және очерктер сериясы.

Бұл классификацияның құндылығы мынада: ол очерк жанрының даму иерархиясын қадағалап отыруға мүмкіндік береді және очерктің жанр ретінде қарапайым формадан күрделіге қарай өту жолдарының эволюциясын көрсетеді, очерктің жанр ретіндегі өзге очерктермен және де эпикалық жанрлармен байланысының өзгеруін қадағалап отырады.

XIX ғасырдың көркем жанры ретінде очерк - халық өмірі туралы жалпылама көркем әңгімелердің пайда болуына дайындық кезеңі болды. Көркем деректі очерктер қазіргі қоғаммен байланысты бірқатар әлеуметтік және философиялық мәселелерді дамытты. Очерк авторлары халықтың біртұтас, көркемдік жағынан кемел өмір салтын құру міндетін алға қойған жоқ, соған қарамастан халық әдебиетіне өмірдің кең ауқымын бейнелейтін идеялық және көркемдік жағынан алуан түрлі шығармалар енгізді. Әдебиеттің дамуындағы көркем шығарманың жанр ретіндегі маңызын айту үшін XIX ғасырдағы қазақ, орыс әдебиетінің негізгі өкілдері кейіннен канонизациялаған әдіс-тәсілдердің көркем шығарманың дамуында кемелденгенін ескеру қажет. [8, 129 б.].

XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап әдеби жанрлардың шеткі очерктері әдеби процестің дәл ортасына келіп, тілдің белсенді көркемдік дамуын байқататын «бағдарламалық» жанрға айналды деп айта аламыз. Соның ішінде орыс очерктері ғасыр ортасында әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысында орыс әдебиетінің жалпы – «адамның тағдыры» атты тенденциясы тарихи байланыс пен бірлікті бейнелеуге деген ұмтылысы көрініс тапты. [9].

Очеркте халық өмірін эпикалық бейнелеу, оның барлық қырларын толық қамту үрдісі байқалады, бұл - очерктің циклділігі, өзіндік жанрдың жасалуына әкелді. Ғасырдың екінші жартысындағы авторлардың барлығы дерлік осы жанрға бет бұрды. Өзінің циклдік очерктерінде И.Левитов, Г.Успенский, М.Я.Салтыков-Щедрин, И.С.Тургенев және басқа да авторлар орыс халық тұрмысының тұтас бейнесін жасады. Циклдер жазушыларды

халықтық бейнелердің, халықтық идеалдардың алуан түрлілігін, халықтың өмір қозғалысын бейнелеуге итермеледі.

Кейбір теоретиктер очерктерді орта эпикалық әдеби жанрларға жатқызады. Мысалы, Оскар Чепан: очеркті – деректі элементтерді, әңгімені, оқиғаны немесе тұжырымдаманы әдеби өңдеумен сипатталатын нақты және көркем проза шекарасындағы әдеби жанр ретінде анықтайды.

Ол очерктің дамуы журналистиканың дамуымен тығыз байланысты деп санайды. Очерктегі жекелеген тақырыптарды өңдеуді әңгімеге құрылымдық кіріспесі (прелюдия) ретінде қарастыруға болады, ал субъективті емес очерк журналистік жанрларға жақындау келеді [10].

Қазақ очеркін зерттеген ғалым, филология ғылымдарының докторы М.Шыңдалиева қазақ очеркін тоғыз топқа топқа бөліп қарастырып, әрқайсысының ерекшеліктерін айқындап көрсетеді. Әр түріне жан-жақты талдау жасай отырып, мынадай қорытынды жасайды: «...басқа очерк түрлеріне қарағанда оқиғалы очерктердің оқиға желісі бір-біріне ұласып, жалғасып кете береді, оқырман шын мәніндегі өмір ағысын көзбен көргендей әсер алады. Көлемді көркем шығармалардағы оқиғалар бірнеше тарауларға бөлініп, бір-бірімен жалғасып барып бір арнаға құйылса, ал көркем очерктегі оқиғалар білгілі бір оқиға төңірегінде қысқа да тиянақты баяндаумен шектеледі. Бір немесе бірнеше адамның басынан кешкен жағдайы немесе солардың қарым-қатынасы төңірегіне топталып, оқиға логикалық тиянақты оймен аяқталса ғана өз міндетін атқарғаны болып шығады» [11, 222].

Жоғарыдағы еңбектерге сүйенсек, очеркте зерттелетін тақырыптың хронологиялық, ғылыми негізделген тарихы баяндалады. Очерк қоғамдық өмірдің нақты фактілері мен құбылыстарын көрсетеді және талдайды, әдетте ол автордың тікелей түсіндірумен сүйемелденеді.

Кесте 1 – Салыстыру кестесі:

Очерк	Әңгіме
Көркем әдебиет пен публицистиканың тоғысқан жеріндегі жанр.	Көркем әдебиет жанры.
Сипаттама элементтері, еркін композициясы бар қарапайым дамымаған сюжет.	Мазмұны мен композициялық релаксацияға бейім көлемі мен құрылымы жағынан романға ұксас, қарапайым, күрделі емес сюжет.
Ол нақты материалдарға негізделген, көбінесе деректі.	Ол көркем фантастиканы мойындайды, тікелей әңгімені тезірек баяндауға ұмтылады.
Оқиғалар, проблемалар, бейнеленген кейіпкерлер туралы автор өз пікірін білдіреді.	Автордың позициясы бейтарап.
Ерікті композиция болғанымен, сюжеті сахна тізбегі түрінде құрылған.	Мәселенің нақты құрамы, күрделілігі мен тереңдігі, сондай-ақ көрсетілген жағдайлардың кеңірек негізділігі шамамен берілген.
Сюжеттік ситуациялардағы динамизмнің болмауы.	Айқын конфликт, аяқталған сюжет.
Сюжет локализацияланған, қысқа уақыт кезеңі сипатталған.	Ол ұзақ уақыт аралығын қамтиды, оқиға бірнеше жерде болуы мүмкін.

Статистикалық ақпаратты және басқа да толық ақпараттың үлкен көлемін қамтуы мүмкін.	Хабардар ету көркемдік әдіс деңгейінде жүзеге асады.
---	--

Очерк қазақ, орыс әдебиетінде танымал болғандай, еуропа әдебиетінде де кең етек алған. Мысалы, XVIII ғасырдың соңында Луи-Себастьян Мерсье мен Рестиф де ла Бретон осы жанрдың әлемдік әдебиетте негізін қалаушылар болып саналады. Олар қаланың физиологиясы деп аталатын қалалық қолөнершілер өмірінің қыр-сырын ашқан. XIX ғасырда Этьен де Жуи «Chaussée d'Antin» кітабында өзін бақылаушы ретінде көрсете отырып жазған очерктерімен танымал болды. Сондай-ақ, очерктерді Поль Кок, Э.Сю, Ф.Суле және О.Бальзак, А.Мюссе сияқты бірқатар ірі жазушыларда жазған. Чех әдебиетінде Б.Немцова, Я.К.Тыл, Я.Эрбесен, Я.Неруда сынды қаламгерлер өздерінің очерктерімен танылған [12, 92].

В.Г.Белинский өзінің «Петербург физиологиясына кіріспе» мақаласында орыс өмірі жағдайында оның даму жолдарын болжай отырып, көркемдік сипаттағы мүмкіндіктер мен міндеттерді алғаш рет сипаттады. Сыншы, очерк «жазушыларды фактография мен натурализмнен сақтандыра отырып, үлкен талантты, байқаушылық пен жазу шеберлігін талап етеді» деп атап өтеді [8, 131]. Осылайша, сыншы очеркті өнер туындысы, оқиғалар мен кейіпкерлер туралы нақты баяндау деп сипаттайды.

Дегенмен, В.Г.Белинский автордың біржақтылығы мен мәтіннің анық емес лиризмін ескере отырып, көркемдік сипат таза көркемдікке айналуы мүмкін деп ескертеді. Орыс әдебиетінде очерк, әсіресе 1840-жылдары В.Г.Белинскийдің және оның поэзияның эстетикалық бағдарламасының тікелей ықпалымен қалыптасқан мектеп жазушылары арасында өте танымал болды. Бағдарламада бірге жас авторлар тобы, прозаиктер И.С.Тургенев, Ф.М.Достоевский, Н.И.Некрасов, А.И.Герцен, Д.В.Григорович, И.О.И.Панаев және т.б. Н.В.Гогольдің әдеби мұрасының негізгі қағидаттары мен бағыттары бойынша дамыды.

В.Г.Белинский редакциялаған «Отандық жазбалар», 1847 жылдан бері «Современник» журналының төңірегінде шоғырланған жазушылардың шығармашылығынан олардың өмірдің жаңа бағыттарына, әсіресе әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аударғанын байқаймыз. Жанрлық тұрғыдан алғанда қысқа прозалық шығармаларды – табиғаттан алынған суреттерді, әсіресе физиологиялық ерекшеліктерді (fysis = табиғат, logos = сөз, ғылым), яғни сюжеттің дәстүрлі құрылымынан және ертегілерден прозалық бірліктерді артық көреді. Әртүрлі әлеуметтік орталарды, әртүрлі әлеуметтік типтерді, әлеуметтік жіктелмеген адамдарды бейнелеуге бағытталған бұл қысқа формалар прозаның жаңа стилін, өмірдің қарапайымдылығын сезінуге ықпал етті және осылайша орыс реалистік туындыларының өскен фонын көрсетті.

Очеркті анықтаудағы қиындықтар XIX және XX ғасырлардағы әдеби шығармалардағы оның қызметін нақтылауда жатыр. XIX ғасырдың екінші жартысында жанр әртүрлі жанрлық формалардың элементтерін синтездеуге қабілетті еркін форма ретінде өмір сүрді. Бұл таң қаларлық жағдай емес, өйткені әр түрлі көркем бағыттағы жазушылар

И.С.Тургенев, В.Г. Белинский, Н.И. Некрасов, Д.В. Григорович т.б. очеркті жаңа сюжеттермен және кейіпкерлермен байытты. Мұндай шығармашылық еркіндік очерктің көркемдік формасын қиындатты. Очерк жанры 1920-1940 жылдары «жалаңаш фактіге

қызығушылық басым» [13, 518] және тарихи фактілермен байланысты шығарма ретінде түсіндіріле бастаған кезеңде өзгерістер пайда бола бастады. 1950 жылдардың ортасынан бастап очеркті жіктеу туралы пікірталастар басталып, оның жанр ретіндегі негізгі белгілері нақтыланды. Ресейлік академиялық басылымдарда очерктерді көркем, деректі немесе публицистикалық деп бөлу ұсынылды (Н.И.Глушков оның атауын беллетристік деп өзгертуді ұсынады).

Бұл классификацияның осалдығы мынада болады: біріншіден, «деректі және көркем очерктер арасында шекара жоқ. Көбінесе очеркисттер өз шығармаларына деректі образдармен қатар ойдан шығарылған көркем кейіпкерлерді де енгізеді» [13, 28 б]. Екіншіден, априоралық классификация деректі очерктердің көркемдігін жоққа шығарады. Үшіншіден, бұл классификация XX ғасырдың очерктеріне қатысты ғана болуы мүмкін.

Чех әдебиеттанушысы, педагог және аудармашы И.Поспишил өзінің «Циклизация как нисходящий поток в развитии русского романа» атты жұмысында әртүрлі өнер түрлеріндегі циклді түсіне ойлау дәстүрлі түрде ежелгі Риммен байланысты, оның үш көзін көрсетеді:

- а) пифагорейлық «сфера музыкасына» негізделген космогония және космология;
- б) технологиялар (технософистер немесе адам қызметі теориясы);
- в) психология (неоплатониктер психикасы немесе адам жаны теориясы) [14]

Автордың пікірінше, әдебиеттің циклдік даму тұжырымдамасы гипотетикалық емес, өйткені әдебиеттің циклді қозғалуына дәлел жоқ. Әдеби циклдар мәңгілік қайту деп аталатын Элиада тұжырымдамасын еске салады. И.Поспишил бізге ұстамды болуды және бұл мәселеге күмәнмен қарауды ұсынады, өйткені «өкінішке орай, бұл әдеби құбылыстың циклі кейде талғампаз, таңқаларлық тұжырымдамаларды тарта отырып өзіне қарапайым шешімдерді жасайды» [14, 119 б]. Біз қызықты жаңалықтарды екінші технологиялық тәсілден табамыз, онда әдебиеттанушы-ғалым әдеби цикл толық еместігін, әдеби жанрлардың аяқталмауын атап өтеді.

Поэтикалық цикл - бұл неғұрлым күрделі әдеби құрылым жасау әрекетінің көрінісі. Зерттеу тұрғысынан бізді үшінші, психологиялық көзқарас қызықтырады. Онда цикл оқиғаның уақыт кезеңі ретінде анықталады белгілі бір тәртіпке немесе реттілікке сәйкес орын алады және үнемі қайталанады; метафоралық мағынада И.Поспишил көркемдік циклды «өзара байланысты объектілері бар артефактілер тобы» (өлеңдер, романдар және т.б.) деп анықтайды. [14, 120]. Көркемдік циклды анықтауды аяқтау мүмкін емес деген қорытынды жасалады. Көркемдік цикл тұжырымдамасында оқырманның (ізденушінің) көркем шығарманың көрсетілген циклдік сипатын жүзеге асыру қабілеті маңызды рөлді атқарады, бұл, әрине, қабылдаушының жеке көзқарасына байланысты субъективті процесс. XX ғасыр деректі прозаға және көркем журналистикаға деген қызығушылыққа байланысты очерктің көркемдік гүлденуінің жаңа толқыны болып табылады. Бүгінде бұл сирек кездеседі (кейбір әңгімелер шын мәнінде очерк болып табылады).

Нәтижелер

Очерктің жанр ретіндегі теориясы мен тарихына қатысты ғалымдардың зерттеу нәтижелері бойынша бірнеше қорытынды жасауға болады. Очерк жанрында көркем әдебиетке де, публицистикаға да тән сипаттардың тоғысып жатыр. Очерктің әдеби жанрлар жүйесіндегі орнын анықтағанда оның «екіжақты, қосарлы» сипатын ескеру

қажет: очерк деректі және көркем әдебиеттің шекарасында тұр және эстетикалық әсер ету жағынан ерекше құрал [15]. Очерк өмір шындығымен байланысты. Әдеби туындыларда автор өмірдің нақты, шынайы бейнесін нақты деректермен көркем бейнелейді. **Онда автор оқиға барысына белсенді түрде араласып, өз көзқарасын білдіреді. Талдауларды саралай келе, ғалым Е.Гузанованың пірімен толық келісуге болады [16]. Ол өз зерттеуінде очерк жанрының дамуы әдеби үдерісте объективтілік пен деректілікке бет бұрудың артуымен тығыз байланысты екенін айтып, уақыт өте келе дәстүрлі жанрлық құрылымдар трансформацияланып, жаңа пішіндер қоғамдағы жедел өзгерістерді нақты әрі шапшаң түрде бейнелеуге ұмтылғанын атап көрсетеді.** Осы талаптарға сай келетін жанр ретінде очеркті алға шыққанын, оның құрылымдық икемділігі мен жедел мазмұн жеткізу қабілеті жазушыларға әлеуметтік мәні зор, өзекті мәселелерді көркемдік және публицистикалық деңгейде жедел көтеруге мүмкіндік бергеніне тоқталады.

Қорытынды

Сонымен, түйіндеген қорытындыларымыз XIX ғасырдың екінші жартысындағы очерк әдебиеті туралы білімнің даму ерекшеліктерін ескере отырып жасалды. Бұл кезеңдегі очерктің жаңаруы кем дегенде екі фактімен түсіндіріледі: біріншіден, әдебиеттің объективтілік пен деректілікке ұмтылуы, өнер мен ғылымның жақындасуы; екіншіден, әдебиеттің жанрлық жүйесінің өзгеруі, реформадан кейінгі кезеңнің өзгермелі шындығын көрсететін жанрлық канондармен шектелмейтін жаңа әдеби нысандарды іздеу. XIX ғасырдағы реалистік әдебиет деректі жанрлардың эстетикалық мүмкіндіктерін, олардың мәні мен тарихи қажеттіліктерін мойындады. Реализмнің пайда болуы жаңа типтегі жазушылардың дүниеге келуін көрсетті. Бұл қатаң жанрлық канондармен шектелмеген жаңа әдеби формаларды қажет етті. Бұл халық өмірінің барлық алуан түрлілігін көрсетуге мүмкіндік беретін ерекшелік болды. Очерктің пәрменділігі, икемділігі, оның әсерлілігі жазушыларға халық өміріндегі өзекті мәселелерге үн қосуға мүмкіндік берді.

Біздің ойымызша, очерк – бұл шынайы оқиға немесе автордың «Мен» рөлі бар маңызды тұлға туралы көркем-деректі әңгіме. Негізгі функциясы – нақты фактіні зерттеу, сипаттау, өмірдің шынайы бейнесін көрсету екені сөзсіз.

Кешегі күнге дейінгі қазақ әдебиетінде очерк әдеби жанрлардың ішінде жетекші орынды алды: ол елдегі жағдайды егжей-тегжейлі бейнеледі және журналистикамен бірге уақыттың негізгі проблемаларын көрсетті. Бұл әдебиет пен публицистиканың күрделі, көп қырлы жанры деуге толық негіз бар.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. Қ.Ө. Есенова мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді және мақаланың негізгі бөлігін жазды. Ә.Қ. Кесикбаева тілдік материалдарды жіктеуге, олардан тұжырымдар жасауға, жалпы мақаланың тұжырымдамасын нақтылауға үлес қосты. Жұмыстың барлық аспектілері бойынша авторлар тең дәрежеде жауапты болып табылады, зерттеу жұмысының тұтастығы мен деректердің дұрыстығы өзара талқыланып, пікір алмаса отырып жүзеге асырылды.

Әдебиеттер тізімі

1. Богданов В. А. Очерк // Краткая литературная энциклопедия / Гл. ред. А.А. Сурков. — М.: Сов. энцикл., 1962—1978. Т. 5: Мурари — Припев. — 1968. — Стб. 516—519. — URL: <https://feb-web.ru/feb/kle/kle-abc/ke5/ke5-5163.htm>
2. Нұртазин Т. Жазушы және өмір. — Алматы: Жазушы, 1960. — 201 бет.
3. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. — Алматы: Мектеп, 1970. — 374 бет.
4. История русской литературы XIX века. 1840-1860 гг. [Учеб. пособие для филол. фак. вузов]. - 2-е изд., испр. и доп. - Москва: Высш. школа, 1972. - 470 с.
5. Глушков, Н.И. Очерк в русской литературе [Текст] / Рост. гос. ун-т. — Ростов н/Д : Изд-во Рост. ун-та, 1966. — 76 с.
6. Глушков, Н.И. Очерковая проза. - Ростов н/Д : Изд-во Рост. ун-та, 1979. - 215 с.;
7. Быконя, Э.Н. Русский очерк 1880-1890 годов о Сибири: 10.01.01: Автореферат дис. на соискание ученой степени кандидата филологических наук / Моск. гос. пед. ин-т им. В. И. Ленина. — Москва, 1974. — 23 с.
8. Белинский, В.Г.(1811-1848). Полное собрание сочинений [в 13-ти т.] / [ред. коллегия: Н. Ф. Бельчиков (гл. ред.) и др.]; Акад. наук СССР. Ин-т русской литературы (Пушкинский дом). — Москва: Изд-во Акад. наук СССР, 1953-1959. — 13 т.
9. Фридендер, Г.М. Поэтика русского реализма: Очерки о рус. литературе XIX в. — Ленинград: Наука, 1971. — 293 с.
10. Нарпай, М. Teória literatúry. — Tígra, 2004. — 283 s.
11. Шыңдалиева М. Қазақ очеркінің қалыптасуы, дамуы «Генезис, эволюция, поэтика». Монография. Алматы, 2005. — 276 бет.
12. Honzík, J. Dvě století ruské literatury. — Praha: Torst, 2000. — 426 s.
13. Bachtin, M.M. Problemy poetiky romana. — Bratislava: Slovenský spisovateľ, 1976.
14. Pospíšil, I. Ruský román znovu navštívený: historie, uzlové body vývoje, teorie a mezinárodní souvislosti: od počátků k výhledu do současnosti / Ivo Pospíšil. - Brno: Nadace univ. [etc.], 2005. — 209 с.
15. Құлбарақ, С., Тұяқбаев, Ғ., Уткелбаев, Қ. Ауған соғысы тақырыбындағы шығармалардың поэтикалық сипаты // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — №137(4). — Б. 120–135. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-120-135>
16. Гузанова Е. В. Интегративные свойства очерковых произведений писателей Мордовии периода Великой Отечественной войны // Интеграция образования. 2012. - № 3. - с. 97-101. <https://cyberleninka.ru/article/n/integrativnye-svoystva-ocherkovyh-proizvedeniy-pisateley-mordovii-perioda-velikoy-otechestvennoy-voyny/viewer>

К.О. Есенова, А.К. Кесикбаева*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Особенности очерка как прозаического жанра

Аннотация. В статье рассматриваются особенности очерка как прозаического жанра. Очерк относится к сфере прозы как к одному из литературных жанров, отражающих реалии жизни в художественном и источниковом плане. Структура

состоит из повествования, описания, диалога и т. д., характерных для прозаических произведений. Его главная характеристика-представление реальности жизни художественным языком на основе реальных данных. В эссе используются авторские взгляды, публицистические толки, приемы художественного накопления, исходя из реальных людей и событий. Немаловажное место в этом жанре занимает образ героя и его действия в общественной среде. Очерк схож с другими жанровыми вставками прозы, такими как рассказ, новелла, очерк, однако отличается тем, что построен на реквизите. В статье дифференцируются повествовательный стиль, композиционная структура и широта темы эссе в рамках характера жанра. А ранжирование характеристик в результате слияния публицистического стиля и художественного стиля в очерке, системы языковых средств и стилистических приемов в нем с точки зрения языкознания будет содержаться в дальнейших исследованиях. В результате этого исследования определяется место эссе в жанре прозы, его специфические черты и литературно-художественные особенности, научно обосновывается его роль и значение в художественной литературе.

Ключевые слова: очерк, художественный очерк, прозаический жанр, литература, литературный цикл.

K.O. Yessenova, A.K. Kesikbayeva*

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Specifics of the essay as a prose genre

Abstract. The article discusses the features of an essay as a prose genre. An essay belongs to the field of prose as one of the literary genres that reflect the realities of life in an artistic and source-based manner. Its structure consists of narration, description, dialogue, and other elements typical of prose works. The main characteristic of an essay is its ability to present the reality of life through artistic language based on real data. An essay uses the author's perspective, journalistic insights, and techniques of artistic accumulation, drawing from real people and events. The image of the hero and his actions in the social environment occupy an important place in this genre. The essay is similar to other genre inserts of prose, such as a short story, novella, or essay, but it differs in that it is based on props. The article differentiates the narrative style, compositional structure, and the breadth of the essay's topic within the genre's character. Further research will focus on the ranking of characteristics resulting from the fusion of journalistic and artistic styles in the essay, as well as the system of linguistic means and stylistic devices used in it. This research will determine the place of the essay in the prose genre, its specific features, and literary and artistic characteristics, as well as its role and significance in fiction.

Keywords: essay, artistic essay, prose genre, literature, literary cycle.

References

1. Bogdanov V. A. Oчерk [Essay]. *Kratkaya literaturnaya enciklopediya* [Brief literary encyclopedia]/ Ed. A.A. Surkov. Vol. 1962—1978. T. 5: Murari — Pripev. (Moscow, 1968, Pp. 516—519). – URL: <https://feb-web.ru/feb/kle/kle-abc/ke5/ke5-5163.htm> [in Russian].

-
2. Nyrtazin T. Zhazushy zhane omir [Writer and Life] (Zhazushy, Almaty, 1960, 201 p.) [in Kazakh]
 3. Kabdolov Z. Adebiet teoriyasynyn negizderi [Basics of Literary Theory] (Mektep, Almaty 1970, 374 b.) [in Kazakh]
 4. Istoriya russkoj literatury XIX veka. 1840-1860 gg. [History of Russian Literature of the XIX century. 1840-1860] (Vysshaya shkola, Moscow, 1972, 470 p.) [in Russian]
 5. Glushkov, N.I. Ocherk v russkoj literature [Essay in Russian Literature] (Rostov University Press, Rostov-on-Don, 1966, 76 p.) [in Russian]
 6. Glushkov, N.I. Ozherkovaya Proza [Essay prose] (Rostov University Press, Rostov-on-Don, 1979, 215 p.) [in Russian]
 7. Bykonya, E.N. Russkij ocherk 1880-1890 godov o Sibiri [Russian essay of 1880-1890 years about Siberia]: 10.01.01: Abstract of the dissertation for the degree of Candidate of Philology (V.I. Lenin Moscow State Pedagogical Institute, Moscow, 1974, 23 p.) [in Russian]
 8. Belinsky, V.G. (1811-1848). Polnoe sobranie sochinenij [v 13-ti t.] [Complete Works [in 13 vol.]] (Academy of Sciences of the USSR, Moscow, 1953, 13 p.) [in Russian]
 9. Fridlender, G.M. Poetika russkogo realizma: Ocherki o rus. literature XIX v. [Poetics of Russian Realism: Essays on Russian Literature of the XIX century] (Nauka, Leningrad, 1971, 293 p.) [in Russian]
 10. Harpán, M. Teória literatúry. (Tigra, 2004, 283 p.) [in Polish]
 11. Shyndaliev M. Kazak ocherkinin kalypasuy, damuy (Genezis, evolyuciya, poetika) [Formation and development of the Kazakh essay (Genesis, Evolution, poetry)]. Monograph (Almaty, 2005, 276 p.) [in Kazakh]
 12. Honzík, J. Dvě století ruské literatury. (Torst, Prague, 2000, 426 p.) [in Polish]
 13. Bachtin, M.M. Problemy poetiky romana [Problems of the poetics of the novel]. (Slovenský spisovateľ, Bratislava, 1976). [in Russian]
 14. Pospíšil, I. Ruský román znovu navštívený: historie, uzlové body vývoje, teorie a mezinárodní souvislosti: od počátků k výhledu do současnosti [The Russian novel revisited: history, nodal points of development, theory and international context: from origins to present-day outlook] (Nadace, Brno, 2005, 209 p.) [in Polish]
 15. Kulbarak C. , Tuyakbayev G., Utkelbaev K. Augan sogysy takyrybyndagy shygarmalardyn poetikalyk sipaty [The poetic nature of the works on the theme of the Afghan war]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 137(4), 120–135 (2021). DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-120-135> [in Kazakh]
 16. Guzanova E. V. Integrativnye svoystva ocherkovykh proizvedenij pisatelej Mordovii perioda Velikoj Otechestvennoy vojny [The Integrative properties of the works of the writers of Mordovian period of the Great Patriotic War]. Integraciya obrazovaniya [Integration of Education], 3, 97-101 (2012). – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/integrativnye-svoystva-ocherkovykh-proizvedeniy-pisateley-mordovii-perioda-velikoy-otechestvennoy-voyny/viewer> [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер:

Есенова Қалбике Өмірбайқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: kalbike_65@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7402-3625. [ORCID:0000-0001-7402-3625](https://orcid.org/0000-0001-7402-3625)

Кесикбаева Әсем Қабібекқызы – хат-хабар үшін автор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан. E-mail: hazretosman@mail.ru.

Yessenova Kalbike Omirbaikyzy – Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kalbike_65@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7402-3625.
[ORCID:0000-0001-7402-3625](https://orcid.org/0000-0001-7402-3625)

Kesikbayeva Asem Kabibekovna – corresponding author, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: hazretosman@mail.ru.

Есенова Калбике Омирбайқызы – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: kalbike_65@mail.ru, ORCID: 0000-0001-7402-3625

Кесикбаева Асем Кабибекқызы – автор для корреспонденции, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан. E-mail: hazretosman@mail.ru.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).